

Анықтама

Тақырып: «Цифрлық гигиена: интернетті дұрыс қолдану»

Мақсаты: Интернетке тәуелділіктің алдын-алу. Оқушылардың цифрлық ортада сауатты әрекет етуін қалыптастыру, интернетті қауіпсіз қолдану дағдыларын дамыту, жеке деректерді қорғау, онлайн қауіп-қатерлерді тану және оларға дұрыс жауап бере білуге үйрету.

Сынып: 1-6

Күні: 23.10.25

1. Тренинг: «Қауіп пе, қауіпсіз бе?»

Мақсаты: Онлайн жағдайларды ажырата білу

Өту барысы:

- Мұғалім әртүрлі жағдайларды оқиды (мысалы: бейтаныс адам сілтеме жіберді, парольді досыңмен бөлістің).
- Оқушылар «Қауіп» немесе «Қауіпсіз» деп жауап береді.
- Соңында неге солай екенін бірге талқылайды.

2. Тренинг: «Цифрлық бағдаршам» ойыны

Мақсаты: Интернеттегі әрекеттерді бағалау

Өту барысы:

- Қызыл – қауіпті
- Сары – ойлану керек
- Жасыл – қауіпсіз

Мұғалім әрекеттерді айтады, оқушылар сәйкес түсті көтереді немесе атайды.

3. Тренинг: «Құпиясөзді қорға» ойыны

Мақсаты: Мықты пароль құрастыруды үйрету

Өту барысы:

- Оқушылар әлсіз парольдерге мысал келтіреді.
- Кейін мықты парольдің ережелерін бірге құрастырады (әріп, сан, таңба).
- Топпен ең мықты пароль үлгісін ойлап табады.

Қорытынды: Бүгінгі «Цифрлық сауаттылық пен онлайн қауіпсіздік» тақырыбындағы тренинг барысында оқушылар интернетті дұрыс әрі қауіпсіз пайдаланудың маңызын түсінді. Олар онлайн ортада кездесетін қауіп-қатерлерді ажыратып, жеке деректерді қорғау, мықты құпиясөз құрастыру және жауапты цифрлық мінез-құлық қалыптастыру дағдыларын меңгерді. Алынған білім оқушылардың күнделікті цифрлық өмірінде қауіпсіз әрекет етуіне және саналы қолданушы болуына көмектеседі.



Педагог-психолог: Нұрлыбекова С.Е